



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
АТҚАРУ ОРҒАНДАРЫ

ҚАЗСТАН  
ӘДДЕБІМЕТІ

## **Әбдіжәлел БӘКІР: МҰСТАФАНЫ Әлиханға қарсы қоятындарға қарсымын**

Жуырда әлеуметтік желіде «Берлин қаласында Мұстафа Шоқай жатқан зират сүріледі екен, сондықтан марқұмның мүрдесін елге алып кету керек», — деген сөз тараған еді. Әлгі сөзге қатысты Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров: «Бұл ақпарат жалған. Өйткені біздің елшіліктің қызметкері дереу барып, зират қызметкерлерімен сөйлесіп, фото, видеоға түсіріп, бәрін өз көзімен көріп келді. Мұстафа Шоқайдың зираты орнында. Ешқайда көшірілмейді. Егер де бірдеңе болып жатса, Германия тарапы бірден бізге хабарлайды. Сондықтан мұндай өтірік ақпарат таратуды тоқтату керек», — деп арнайы мәлімдеме жасап, ақпараттың жалған екенін жеткізді.

Біз Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі, саяси ғылымдар докторы Әбдіжәлел Қошқарұлына хабарласып, шындыққа жанаспайтын мұндай мәліметтің қандай себеппен таралуы мүмкін екенін сұрап көрдік. Сондай-ақ ғалым кешегі алаштықтардың негізгі идеясы мен бүгінгі қазақ қоғамына қатысты өзекті ойларын да ортаға салды.

Ауқаттылар мәдениетті алға сүйреді

Әбдіжәлел БӘКІР, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры

*– Әбдіжәлел аға, уақыт тауып сұхбат беруге келіскеніңізге алдын ала рақмет айтамын. Жасы келіп, құрметті зейнет демалысына шықса да ел ісінен, қоғам жұмысынан қол үзбейтін адамдар болады. Сұрайын дегенім, бұрын қызметте болған үлкен кісілердің үйінде «тыныш» жата алмайтыны неден екен осы?*

– Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, біздің жасымыздағы кісілер кешегі кеңестік қоғамды да, Тәуелсіздік жылдарын да бастан кешірді. Мен кейбір ғалымдардың кеңестік жүйені түгелдей теріске шығаруымен келісе алмаймын. Бұлай жасауға болмайды. Ол кезең өзіміздің ата-бабамыздың өмірі мен қызметінен құралады. Сол себепті оның оң жақтарын көре біліп, танып, жаңа жағдайда қызмет ететін қырларын жетілдіре түскен жөн. Ал біз олай ете алмай келеміз. Әсіресе сонау ерте заманнан жалғасып келе жатқан халықтың рухани ахуалына ерекше көңіл бөлу керек-ақ. Аспаннан жаңалық түсе қоймайды. Оның бәрі адамның қолымен жасалады.

Бізде жаман әдет бар. Ол – өткенді сызуға құмарлық. Бұл өркенімізді өсірмейді. Рас, кеңестік жүйенің саяси қателіктері аз емес. Қоғамды бір-біріне қарсы екі тапқа бөліп, байлармен, ауқаттылармен күресті. Оларды тіпті халықтың мәдениетін кері тартты деп кінәлады. Шындығына келсек, сол ауқаттылар кең мағынадағы мәдениетті алға сүйреді. Олардың материалдық мүмкіндіктері болды.

Біздің тәуелсіз ел болып, өз тізгініміздің өз қолымызға тигеніне қуанбаған қазақ жоқ. Ең бастысы, өзгенің тікелей ықпалынан құтылды. Алайда толыққанды тәуелсіз ел болдық дегеннің ауылы алыс әзірге. «Қолға түскен тізгінді халқымыздың мүддесіне толық жұмсай алдық па?» деген сұрақ тұрады көкейде. Алаш жетекшілері тәуелсіздікті тілден бастаған. Әлихан Бөкейханның сонау ұлт-азаттық қозғалыстың бастауында: «Біздің ана тілімізге мүмкіндік беріңіздер, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізейік, қазақ мектептерін ашайық», – деп мәселені нақты қоюы жайдан-жай емес еді. Кешегі қайта құру кезеңінде де ұлтымыздың алдыңғы қатарлы азаматтары жер-жерде қазақ тілі қоғамдарының іргесін қалап, ана тіліміз үшін күрескен жоқ па? Өйткені халық рухани жаңармай, елдің саяси санасы көтерілмей, қоғам жаңара қоймайды. Әрине, қоғам халықтың қосындысы емес, дегенмен мемлекеттің өзегі жаңармай, сырты түс алмайды.

Сонан соң Алаш жетекшілері: «Батыстық жолды таңдаймыз, бірақ оны өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып қабылдаймыз», – деген болатын. Ал біз батыстық нарық заңы бойынша, зауыт ашып, фабрикаларды жұмыс істетіп, өндірісті дамыта отырып, баюдың орнына оның қайшылықты жолдарын кеңінен пайдаландық. Қоғамда, оқу жүйесінде, қызмет бабында, т.б. негізгі салаларда адамның қабілетін емес, капиталды негізгі құндылыққа айналдырдық. Қазақ халқы – талантты халық. Соны дамытуға барынша күш салудың орнына, арам жолдармен дүние жинап кеттік. Қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған миллиардерлер пайда болды. Ал негізгі халық жұмыссыздық пен кедейшілікке ұрынды. Бұлардың барлығы ойландырмайды емес, ойландырады. Кейде айтып та қаламыз. «Қашан әл-Фараби армандаған қайырымды қоғам құрар екенбіз?» деп мен де армандаймын. Содан да болар, ешнәрсеге бейжай қарай алмаймын, бос жүру де – жат.

**Мұстафа күллі түркі халқының азаттығы үшін күресті**

***– Аға, әңгімемізді енді Мұстафа Шоқай жайынан өрбітсек. Сіз Сыр өңірінің тумасысыз, Мұстафа есіміне бала кезден қанық боп өскен шығарсыз? Қариялар, ауыл атқамінерлері Мұстафа Шоқай туралы айтатын ба еді?***

– Менің Мұстафа есімімен танысуымның өз себебі бар. Туған әкем Қошқар да, баласы болмаған соң бауырына салған анамның ағасы Бәкір де 1942 жылы шілде айында соғысқа кетті де, жыл аяғына дейін жоқ болды. Содан мен он үш жасыма дейін нағашы атам – Баспақ батырдың немересі Сопбектің Ахметінің тәрбиесінде болдым. Ал Мұстафаның анасы Бақтыбике тарихта Баспақ би Қазбеков (дұрысы Қозыбек – Ә.Б.) деген атпен белгілі Баспақ батырдың (ел ішінде осылай атайды, шын аты Мәмбетәлі – Ә.Б.) туған қарындасы болатын. Мұстафа Шоқай туралы алғашқы әңгімелерді осы кісіден естідім. Бірақ мен ол кезде балаң болдым да, көп нәрсеге түсінбеуім де мүмкін. Оның үстіне, Мұстафа

Шоқайды еркін ауызға алуға тыйым салынған шақ еді.

Сонан соң өткен 50-жылдары атамның үйі Сырдария ауданы «Айдарлы» елдімекенінен Қызылорда қаласына көшіп келгенде Мұстафаның туған інісі – Мұртазаның баласы Мадиярмен көрші тұрдық. Шешесі Зүлфияның бұрынғы Шоқайдың інісі Оспанның әйелі болғанын осыдан екі-үш жыл бұрын Мұртазаның ағасына жазған хатынан білдім. Сол кісі: «Біздің қайнаға (Мұстафаны айтады) жеті патшаның тілін біледі», – деп отыратын. Бұған да 2012-2014 жылдары Мұстафа Шоқайдың шығармаларының он екі томдық толық жинағы шыққанда көзіміз жетті. Онда шығармалары тоғыз тілде жарық көрген екен.

Осындай себептермен Мұстафа Шоқай есіміне ертеден қанық болып өстім. Алайда мұндай ұлы тұлғаның өмірін, қызметі мен шығармашылығын зерделеумен тікелей айналысуым 2016 жылдан, Қызылорданың Қорқыт Ата атындағы университетіндегі Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі болған кезден басталды. Мәскеу архивінде, Грузияда, Францияда болудың реті келді. Алайда қазіргі кезде Мұстафа Шоқай туралы біразды білгеніммен, білмейтінім жетіп артылады. Себебі 1998-1999 жылдары Мұстафа Шоқайдың тек «Яш Түркістан» журналында жарық көрген 224 мақаласы ғана қазақ тіліне аударылып, жеке екі томдық болып басылды. Бұл 2007 жылы кейбір материалдар қосылып, үш томдық болып шықты. Хаттары қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді. Ал 400-ден астам орыс, 130-дан астам француз, сондай-ақ ағылшын, неміс, поляк, түрік, грузин және өзбек тілдеріндегі еңбектері осы кезге дейін ана тілімізде жарық көрген жоқ. Бұл мәселені көтеріп, тиісті органдарға хат та жаздым. Оң жауап ала алғаным жоқ.

***– Мұстафа жолы қандай жол? Мұстафаның арман-тілегі түркі елдері өзара интеграцияға икемделген бүгінгі заманда нақты қадамдарға ұласуы мүмкін бе?***

– Мұстафа Шоқайдың өзге Алаш жетекшілерінен өзіндік ерекшеліктері жоқ емес. Біріншіден, Мұстафа түсінігіндегі Түркістан атауы – Ұлы дала, Түркістан өлкесі, Бұхара мен Хорезм хандықтарын қосқандағы тұтас аймақты қамтиды. Сондықтан 800-ден астам еңбегінің 230-дайы тікелей Түркістан атауымен байланысты. Сонау әл-Фараби, Баласағұн, т.б. ертедегі алыптар туралы қалам тартуының себебін де осы ойлардан іздеген жөн. Екіншіден, Мұстафа Шоқай берісі Түркістанның, арысы бүкіл түркі халқының азаттығы үшін күресті. Үшіншіден, өз халқын азат ету басқа да түркітөктес езілген халықтарды патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы ұйыстырудың нәтижесінде ғана мүмкін деп түсінді. Осы ерекше маңызды, айрықша мәнді таным Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясы хатшылығына орналасқаннан кейін пайда болды. Сондықтан да ол Ресейдің езгісіндегі Түркістан өңірінен тыс түркі халықтарын – Еділ, Қырым татарларын, Кавказ халықтарын, Орал башқұрттарын біріктіру қажет деп есептеді. Кейін шетелде жүрген

кезінде де оның өз халқымен бірге өзге аймақтардағы халықтардың ортақ отарлық езгіден құтылуын армандауы, сол үшін күресуі жайдан-жай емес болатын.

Кез келген тілі бөлек, діні бөлек халықтармен тиісті қарым-қатынасқа түсе отырып, түркі елдерімен тығыз байланыста болу, өзара өркендеуге ұмтылып отыру да Мұстафа Шоқайдың асыл идеяларына жатады.

**– «Мұстафа Шоқайдың сүйегін Берлиндегі Сүлейман зиратынан, Мұстафаның жары Мария Шоқайдың сүйегін Парижден қазақ топырағына әкеліп жерлеу керек», – деген ұсыныстар айтыла бастады. Сіз бұл ұсынысқа қалай қарайсыз?**

– Мұндай ұсыныстар кейінгі жылдары жиі айтылып жүр. Орынсыз деуге болмайды. Үш-төрт жыл бұрын бұл республика деңгейінде көтерілді. Оған мұрындық болған – белгілі тарихшы, алаштанушы Мәмбет Қойгелдиев болған еді. Алайда мәселені жан-жақты сараптап, ұлы адам мүрдесін қозғамайық деген шешім жасалды.

Соңғы рет бұл ұсыныс 2021 жылы Шымкентте Алаш арыстарына қатысты республикалық конференцияда тағы да әңгіме болды. Онда мен: «Аруақты қозғамайық, Мұстафа атамыз қазір Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты байланыстырып жатыр», – дедім де, одан да Мұстафа атамыз бен Мария анамыздың жатқан жерлерінен топырақ алып, оларға Түркістанда ескерткіш орнату туралы ұсыныс жасадым. Оны қолымнан келгенше барынша дәлелдедім. Атамыздан кейін 28 жыл өмір сүрген Мария Шоқай жарына қатысты бар тірлікті жалғыз өзі атқарды. О дүниеге «Менің Мұстафам» деп аттанды.

Конференциядағылар ұсынысымды қолдады. Бірақ бұл айтқаным – Астанаға жетті де жоқ болды.

Мен Мұстафа мен Мария Шоқайға ескерткіш орнату керек дегенде мына мәселелерді есте ұстадым. 1918 жылы 18 сәуірде Мұстафаның талап етуімен Мария Гориия мұсылмандықты қабылдап, ескі Ташкенттің мешітінде имам екі өзбектің куә болуымен некелерін қиған болатын. Содан кейін Мария Шоқай атын да қосып алды. Бұл «Менің Мұстафам» атты естелік кітапта жазылған. Екіншіден, осы кітап – мұстафатану ғылымының тұңғыш туындысы. Мұстафа Шоқайдың өмірбаяны жазылмаған, кез келген ұлы тұлға мұрасын зерттеуші алғашқы қадамды осыдан бастауы керек. Мария Шоқай 1969 жылы бұл дүниеден қайтқанша жарының тірлігімен айналысты, оның асыл мұраларын жиыстырып, түгел 1953 жылы сол кездегі «Жаңа Сорбонна – Париж III» университетінің Тілдер мен өркениеттер институтының университеттік кітапханасына тапсырды. Одан кейін Мария анамыз күн көріп отырған пианинасын сатып, жарына бейіт-ескерткіш орнатты. Жарынан қалған жазу машинкасын, «Яш Түркістан» журналының мөрлерін, т.б. жәдігерлерді 1948-1950 жылдары қолында баласындай болып, тәрбие алған Әлім Алматқа (ол Түркияға қайтып бара жатқанда) табыстаған болатын. Олар көп жылдар алғашқы мұстафатанушылардың бірі Бақыт

Садықовада сақталып келіп еді. Астанада №51 мектеп-гимназияға Мұстафа Шоқай аты беріліп, қысқа уақытта онда арнайы музей ашылды. Бұл жәдігерлер қазір осы музейдің басты құндылығы болып есептеледі. Жинақтай айтқанда, бұл дүниеден аттанғанда да Мария Шоқай: «Менің Мұстафам», – деп кетті. Мұндай кісілер тарихта сирек. Мен ретті жерінде қос арысты бөлмеу керек деп ойлаймын. Қызылорда университетіндегі ғылыми орталыққа Мұстафа мен Мария Шоқайдың 1 метр 300 сантиметрлік бейнелерін қою жөніндегі ұсынысым да осындай ойдан туып еді.

**– 1917 жылы Орынборда Бүкілқазақ құрылтайы болады. Ақпан төңкерісі өтіп, қазан төңкерісі таяп қалды. Сол құрылтайда Мұстафа Шоқай мен Халел Досмұхамедұлы және бірнеше алашшы: «Міне, Құдай берді, Ресей тас-талқан болып бүлініп жатыр. Бізге Ресейден бөлініп шығатын ыңғайлы сәт туды», – дейді. Сонда Алашорда партиясының төрағасы Әлихан Бөкейханов: «Біз автономия боламыз, бірақ Ресейден бөлінбейміз», – деп қарсы шыққан көрінеді. Осы рас па?**

– Жалпы, Мұстафа Шоқайды өзіне саяси ұстаз санаған Әлихан Бөкейханға қарсы қоюға еш уақытта келісе алмаймын. Сондай кісілер Мұстафаның «Орыс миссионерлігі» деген мақаласын оқып көрсе екен. Мұстафа Шоқайдың қабілетін ерте танып, өзінен 24 жас кіші азаматқа туған баласындай қамқорлық жасады. Мұстафаның Түркістанға барған Мемлекеттік думаның комиссиясы құрамына зерттеуші және аудармашы болып қосылуы – Әлихан Бөкейханның ұсынысы. Осы Думадағы Мұсылмандар фракциясына хатшы болып орналасуы да ұстазының атымен тікелей байланысты. Сонан соң Әлихан Бөкейхан бастаған, ішінде Мұстафа Шоқай да бар, топтың автономия туралы ұстанымы бір болды. Бұл ұстаным «Алаш» партиясының программасының жобасында былай деп жазылып еді: «Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей республикасының федерациялық бір ағзасы болуы». Түркістан автономиясы туралы мәселе күн тәртібіне қойылғанда Мұстафаның көпшіліктің тікелей тәуелсіздік жөніндегі пікірлеріне қарсы болуы, өз пікірін өткізуі оңай болған жоқ, оны өзі де жазып кетті.

**– «Бір кезде Германияда 50-60 қазақ ұлтшылығының бейімі болған. Өкінішке қарай, біз қазір бесеуін-ақ білеміз. Дауласпай, қазақылыққа салмай, жапондарша қимылдау керек. Бір кезде Қазақстанда жапон тұтқындарының мыңдаған бейімі болған (мәселен, Ғылым академиясының ғимаратын сол жапон тұтқындары салған). Жапон Үкіметі бірнеше жылда солардың бірде-біреуінің мүрдесін Қазақстанда қалдырмай, өз жерлеріне алып кетті. Өркениетті елдің үлгісі, міне, осындай емес пе?» – дейді профессор Ғарифолла Әнес. Бұған не дейсіз?**

– Жауабым шамалы. Отан үшін жандарын берген асыл азаматтардың

мүрделері елге жеткізіліп жатса, орынды-ақ болар еді. Бірақ оған көзім де, ақылым да жетпейді. Біздің жапон халқындай болуымыз үшін ғасырлар керек шығар. Алаш жетекшілерінің Жапонияға ерекше көңіл бөлуі, Мұхтар Әуезовтің осы ел хақында арнайы мақала жазуы жайдан-жай емес еді. Біз ол жолды өз өмірімізде пайдалана алмадық. Кеңес өкіметінің алаштықтарға жапқан жаласының бірі – жапон тыңшылары деуі емес пе?

***– Еуропада топырақ жамылған марқұмдардың сүйегін белгілі бір уақыттан соң ақшасы төленбесе, шығарып тастайды дейді ғой? Егер талап солай болса, ертең біз Мұстафа мен Марияның сүйегінен айрылып қалмаймыз ба?***

– Мұндай дәстүр Францияда бар көрінеді. Мария Шоқай 1965 жылы Шель қаласында өзіне бейіт дайындап, оның алдағы елу жылына қаржысын төлеген екен. Мұны білген, 2010 жылы Қызылордадан Францияға арнайы барған облыс делегациясы мерзімді 2065 жылға дейін созырып, ақшасын төлеген болатын. Ал Мұстафа Шоқай туралы әңгіме бөлек. Қазір бұл жеке адамдардың, ағайын-туыстардың мәселесі емес. Сондай-ақ Кеңес өкіметі басына 1000 сом тігіп, Мұстафа Шоқайдың Ферғана тауларын аралап жүрген шағы – 1918 жыл емес. Бұл – мемлекеттік мәселе. Мұстафа Шоқай әлемге Еуропада ерте танылды. Оны Франция мен Германия бізден әлдеқайда бұрын білді. Мұстафатану ғылымы ең алғаш Түркияда қалыптасты. Қазір Мұстафа Шоқай зираты Түркия мемлекетіне қарайтын қорымда жатыр. Бұл жерді кезінде Германия басшысы Осман империясына сыйға тартқан. Онда зәулім мешіт, шағын сауда мекемелері бар. Сондықтан аруақты ретсіз қозғай берудің қисыны жоқ.

***Өз ана тілінді біл, сонан кейін қанша тіл білемін десең де артық емес***

***– Енді бірер сөз мемлекеттік тіл туралы. Сіз ҚР Парламенті Мәжілісінің екі мәрте сайланған депутаты ретінде еліміздегі «БАҚ туралы», «Жарнама туралы», «Тіл туралы» заңдардың дайындалып, қабылдануына айрықша үлес қостыңыз. Алайда «Тіл туралы» заңымыз болғанымен, мемлекеттік тілдің ахуалы әлі «ары тарт та бері тарттың» қақпақылында қалып келе жатқан сияқты. Бұл жерде басты мәселе орыс тілінің ресми мәртебесінде болып тұр. Осы бір ресмиліктен қашан арыламыз? Қашан өз тілінде емін-еркін сөйлеп, өмір сүретін елге айналамыз?***

– Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы осыдан ғасырдай бұрын: «Біз кенже қалған халықпыз», – деп жазып еді. Рас, ол кезбен салыстырғанда біраз өзгердік. Бірақ саяси санамыз да, рухани жаңғырудан бұрын жаңаруымыз да өте баяу дамып келеді. Мұның да бірнеше себебі бар. Біріншіден, біз Алаш идеяларына тиісті көңіл бөле алмай келеміз. Ал оларда біз алатын қазыналар жеткілікті. Бірақ, кешірерсіздер, оларға деген көзқарас кешегі кеңестік кезден көп ұзай

қойған жоқ. «Хандар қазаққа қарыз болып кетіп еді, мен өтеймін», – деген Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 150 жылдығын атап өту туралы ЮНЕСКО қаулы қабылдағанда, «Бізде оны өткізетін қаржы жоқ», – деп масқара болдық. Бірақ мұны айтқан кісінің көкейінде «ретін тауып аламыз десеңдер миллиардтаған қаржы бар» деген пікір тұрды. Солай болды да. Тек, былтыр Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы лайықты атап өтілді. Екіншіден, осы кезге дейінгі билік халықтың саяси санасының өсуінен қорқып келді. Себебі саналы халықты басқару қиын. Әйтпесе, кешегі елең-алаңдағы халқымыздың ана тілімізге деген белсенділігін барынша пайдаланып қалғанымызда бүгінгі күн басқаша болар еді. Оның үстіне, біраз жыл үш тұғырлы тіл деп ұрандаттық. Бір мысал келтіре кетейін, Қазір Республикадағы жеті мыңдай мектептің жартысына жуығы ғана – қазақ мектептері. Орыс кластарында отырғандардың басым көпшілігі – өзіміздің ұл-қыздарымыз. Басқаларға үлгі болуға тиісті Астанамыздағы бар мектептің үштен бірі ғана – қазақ мектептері. Бұл жүйе әзір өзгеріске түсетін емес. Министрліктегілердің: «Балалардың қай мектепте оқитыны ата-анасының еркі», – дегеніне қарағанда, бізде бұл бағытта мемлекеттік саясат жоқ сияқты.

Мені қатты ойландыратын мәселе Абайдың: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», – дегені. Меніңше, біз осы өсиеттегі «залалынан қашық болуға» тереңдеп бара бермейміз. Сол себепті әлгі залалдың зиянын әлі көре түсеміз. Енді ата-бабадан келе жатқан тамаша салт-дәстүрімізден де алыстауға бет бұрдық. Ата-анасын сыйлай бермейтін ұл-қыз өсіп келеді. Ынтымағы мол, сүйіспешілігі жоғары отбасылар азаюда. Қарым-қатынастың негізгі көрсеткіші капитал болып барады. Жастар үшін отбасын құрудың құндылығы төмендеп кетті. Отыз-қырыққа келгенде ұялғаннан үйленіп жүргендер жоқ емес.

**– «Жаңа Қазақстан» деген ұғым пайда болғалы бері өткен отыз жылдағы Қазақстанды «ескі Қазақстан» дейтін болдық. Айтыңызшы, сіз қай Қазақстанда өмір сүріп жатырсыз?**

– Мен жоғарыда айттым ғой, өткенді сызуға әуеспіз. Әсілі, тағылым алсақ ұтамыз. Ата-бабамыз өмірді тектен-текке өткізген жоқ. Басқару жүйесіндегі кемшіліктерден көп қателік кетті. Тоталитарлық басқару жүйесі де, авторитарлық басқару жүйесі халықты өсірмейді. Халықты көтеру арқылы биіктеуді мұндай биліктер ойлай бермейді Тарихта мұндай қоғамдар көбіне ыдырап отырған.

Шынымды айтсам, қазір жергілікті қазақ халқы 70 пайыздай болса да, қазақ елінде өмір сүріп жатырмын деп айта алмаймын. Мен әсте орыс тіліне қарсы адам емеспін, тек ұлтың қазақ болғандықтан ең бірінші өз ана тіліңді біл, сонан кейін қанша тіл білемін десең де артық емес. Мысалы, Мұстафа Шоқайдың Францияда тұрғанына он бес жыл толғанда, 1936 жылы радиодан Түркістан жастарының алдында



сөйлеген сөзін алайық. Дәл бұлай өткір де таза сөйлеу – тек Мұстафа Шоқайға ғана тән дүние.

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, қазақ тілі ұлтаралық қатынас тілі болған жағдайда ғана халқымыз өз елінде өмір сүргендей сезімде бола алады.

**– «Қазақ әдебиетінің» дәстүрлі сұрағы: осы күні кімнің шығармасын оқып жатырсыз? Қазақтың қай қаламгері жаныңызға жақын?**

– Мені Темірбек Жүргенов ертеден қызықтыратын. Қазір нақтысы есімде жоқ, ертерек оның Алматыдағы мектеп құрылысын аралап жүріп: «Коридорды кеңірек етіңдер, балалар қарсы есік ашып жатқанда біріне-бірі соғысып жатпасын», – деген мазмұндағы сөзі ерекше әсер еткен. Сондай биік лауазымды адамның мектеп аралағаны, нақты өмірді көргісі келгені ерекше әсер еткен еді. Аса білімді адамның, құрылысшы болмағанымен, жалпы құрылыс жөніндегі танымы жоғары болуы заңды. Жақында Астанада Өнер университетінде өткен бір дөңгелек үстелге қатысуым керек болып, Темірбек Жүргенов туралы азын-аулақ материал қарадым. Мұстафа Шоқай «Орыс миссионерлігі» атты мақаласында Темірбек Жүргеновтің Алаш басшылары, әсіресе Әлихан Бөкейхан турасындағы жазғандарын сынағанын білетін едім. Бұрынғы қызығушылығым қайта оянды. Мені Темірбек Жүргеновтің коммунистік костюм киіп, санасы қызылға боялғанымен, ұлтына ерен қызмет еткені тәнті етеді. Мұстафа Шоқайдың ойы тұтас Түркістанға берілді. Кейін екеуі де «ұлтшыл» аталып, біреуі Отанында атылды, екіншісі немістердің Түркістан легионын құруын қолдамағаны үшін күдікті жағдайда қаза болды.

Содан Темірбек Жүргеновтің өз алдына шыққан мақаласы мен баяндамалар жинағын оқып шықтым, басқа да әдебиеттері қарап жүрмін. Әруақытта жаңалықтың басы-қасында жүретін Бейбіт Қойшыбаевтың «Темірбек Жүргенов» романының әзірге үштен бірін оқып қойдым.

**– Әңгімеңізге көп рақмет!**

**Сұхбаттасқан  
Дәурен Қуат**